

**Еуразиялық экономикалық одақта Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті зертханалық практика қағидаттарына сәйкес келетін тиісті зертханалық практика жүйесін құру туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 18 өкімі 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін Еуразиялық экономикалық одақта Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті зертханалық практика қағидаттарына сәйкес келетін тиісті зертханалық практика жүйесін дамыту тұжырымдамасының жобасын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілеріне өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау мақсатында:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Еуразиялық экономикалық одақта тиісті зертханалық практика жүйесін құру және дамыту мәселелері бойынша жұмыс тобын (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрсын және оның құрамын бекітсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден Еуразиялық экономикалық комиссияға жұмыс тобының құрамына қосу үшін кандидатура, сондай-ақ тиісті мемлекеттегі тиісті зертханалық практика жүйесінің жай-күйі туралы (қабылданған нормативтік актілер, көрсетілген салада реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар, тиісті зертханалық практика қағидаттарына сәйкес келетін зертханалардың (қызмет саласын көрсете отырып) немесе мұндай зертханаларды құру жөніндегі жоспарлардың бар-жоғы туралы) ақпарат ұсыну сұралсын.

3. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей  
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан  
Федерациясынан  
М.Григорян В.Матюшевский А.Мамин Ж.Разаков А.Силуанов*